

жолдаған аудио-видео роликтің сілтемесін жолдаған топ мүшелерінің санын анықтауды, администраторы кім екендігін анықтауды және барлық топ мүшелерінен сұрау алу қажеттілігі алу қажеттілігі туындап тұрғанын көрсетілген.

ҚПК-нің 99-бабына сай, қылмыстық процеске қатысушылар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, прокурорға, судьяға (сотқа) қылмыстық процесс барысында маңызы бар мән-жайларды анықтау, өтінішхатпен жүгінген тұлғаның немесе өздері өкілдік ететін тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін процестік әрекеттерді жүргізу немесе процестік шешімдерді қабылдау туралы өтінішхаттармен жүгінуге құқылы.

Өтінішхат ол мәлімделген бойда қаралуға және шешілуге жатады. Өтінішхат бойынша шешімді дереу қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда, ол мәлімделген күннен бастап үш тәуліктен кешіктірілмей шешілуге тиіс.

Алайда, тергеуші Д.Жақсылық қорғау тарапынан түскен өтінішхатты ҚПК-нің 99-бабында көзделген үш тәулік мерзімде шешпей, бұзушылықтарға жол беріп, 2025 жылғы 13 наурызда өтінішхатты ішінара қанағаттандыру туралы қаулы қабылдаған.

Аталған тергеушінің қаулысымен келіспей, күдікті Е. [REDACTED] қорғаушысы адвокат Г.Саржанов, Мақтаарал ауданының прокурорына ҚПК-нің 105-бабының талаптарына сай, Түркістан облысы Полиция департаментінің Мақтаарал ауданы Полиция бөлімі ТБ-нің аға тергеушісі Д.Жақсылықтың әрекетіне 2025 жылғы 19 наурызда «Е-өтініш» электронды порталы арқылы 16:09 сағатта тіркеу №ЗТ-2025-00914683 санды шағымын келтірген.

ҚПК-нің 105-бабының 2-бөлігіне сай, прокурор, тергеу бөлімінің бастығы, анықтау органының бастығы шағымды алған кезден бастап жеті тәулік ішінде оны қарауға және шағым берген тұлғаны қабылданған шешім туралы хабардар етуге міндетті. Ұстап алу, күдікті деп тану, күдіктінің іс-әрекетін саралау, лауазымнан шеттету, санкцияланбаған қарап-тексеруді, тінтуді, алуды жүргізу, мүлікке билік етуді уақытша шектеу, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауды тоқтата тұру кезіндегі заңды бұзушылық туралы шағымдар алынған кезінен бастап үш тәулік ішінде қаралуға жатады. Шағымды тексеру үшін қосымша материалдарды талап етіп алдыру не өзге де шаралар қабылдау қажет болатын айрықша жағдайларда шағым берген тұлғаға бұл жөнінде хабарлай отырып, шағымды он бес тәулікке дейінгі мерзімде қарауға жол беріледі.

Заң талаптарына сай, аталған шағымға прокурор 2025 жылғы 26 наурызға дейін жауап беру керек болған. Алайда, жауапты Мақтаарал ауданының прокуратурасының прокуроры Саржан Еркебұлан Ержанұлы ҚПК-нің 105-бабының талаптарын ескермей, процессуалдық заңнамада көрсетілген мерзімде жауап бермей, төрт күнге кешіктіріп 2025 жылғы 29 наурыздағы шығыс № 2-12-25-00473 санды құжатты, 2025 жылғы 30 наурыз сағат 00:00-де «Е-өтініш» порталына салған.

Қосымша сурет: 2025.04.29.04.005

